

ЖШС «Babu City» мектебінің психологі А.А. Харисованың 2022-2023 оку жылында, жылдық жоспар бойынша жасалған жұмыстарының жылдық есебі.

### **Психологиялық қызметтің міндеттері:**

- 1) білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін – өзі тәрбиелеу, және өзін – өзі дамыту қабілеттің қалыптастыру;
- 2) білім алушыларға ақпараттық қогамның жылдам дамуында олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық түргыдан жәрдем көрсету;
- 3) білім алушыларды психологиялық – педагогикалық зерделеу негізінде әрбір білім алушыға жеке тәсілді қамтамасыз ету;
- 4) психологиялық диагностиканы жүргізу және білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту;
- 5) психологиялық қыншылықтар мен білім алушылардың проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
- 6) білім алушылардың психикалық деңсаулұғын сактау;
- 7) психологиялық проблемаларды шешуде және оку – тәрбие жұмыстарының колайлы әдістерін тандауда ата – аналар мен педагогтерге консультациялық көмек көрсету;
- 8) білім беру үдерісі субъектілерінің психологиялық – педагогикалық құзыреттілігін көтеру.

Психологиялық қызмет жұмысының негізгі бағыты және мазмұны

Психологиялық қызмет психодиагностикалық, консультациялық, ағартушылық – профилактикалық, түзету – дамытушылық және ұйымдастыру-әдістемелік бағытта жүзеге асырылады.

### **1. Психодиагностикалық бағыттар:**

- 1) білім алушылардың психикалық дамуын анықтау мақсатында оларды психологиялық диагностикалау;
- 2) білім алушылардың бейімделуі, дамуы мен әлеуметтенуі мақсатында оларды кешенді психологиялық тексеру;
- 3) білім алушылардың қабілеттілігі, қызығушылығы мен икемділігін психологиялық диагностикалау;
- 4) психологиялық диагностиканың қорытындысы бойынша психологиялық тұжырымдар мен ұсыныстарды дайындау.

## **2. Консультациялық бағыттар:**

- 1) білім алушыларға, ата – аналар мен педагогтерге олардың сұранысы бойынша консультация беру;
- 2) білім алушыларға, ата – аналар мен педагогтерге жеке тұлғалық, кәсіптік өзін – өзі айқындау проблемалары және коршаган ортамен өзара қарым – қатынастар бойынша жеке және топпен консультация жүргізу;
- 3) күйзелістік, жанжалдық, қатты эмоционалды күйзелістік жағдайда болып табылатын білім алушыларға психологиялық қолдау көрсету;
- 4) тұлға аралық және топ аралық жанжалдарды шешуде делдалдық жұмыстарды ұйымдастыру.

## **3. Ағартушылық – профилактикалық бағыттар:**

- 1) білім алушылар мен педагогтердің өзін – өзі айқындауына, кәсіптік өсуіне ықпал ету;
- 2) білім алушылардың бейімсіздігін алдын алу;
- 3) білім алушылардың әлеуметтік мінез – құлқынын алдын алу;
- 4) педагогтерді аттестаттауды әлеуметтік – психологиялық сүйемелдеу;
- 5) әдістемелік бірлестіктер мен педагогикалық кеңестің жұмысына ықпал ету.

## **4. Тұзету – дамытушылық бағыттар:**

- 1) жеке тұлғалық өсуге арналған тренинтер өткізу;
- 2) білім алушылар мен педагогтердің тұлғалық, интеллектуалдық, эмоционалды – жігерлік, шығармашылық даму үйлесімділігі бойынша психологиялық тұзету және дамыту сабактарын ұйымдастыру;
- 3) жанжалдық тұлғааралық қатынастарды тұзетуді жоспарлау.

## **5. Ұйымдастыру-әдістемелік бағыттары:**

- 1) Кабинетті жана оку жылға дайындау;
- 2) көрнекі және дидактикалық материалдарды дайындау
- 3) орындалған жұмыстарды талдау

## **Психодиагностика жұмыс есебі:**

Окүшылардың психологиялық жетілу деңгейін анықтау мақсатында қыркүйек айында 1- сынып окүшылардың психологиялық түрғыда мектепте

окүға дайындығы тексерілді. 1-4 сынып оқушылар арасында мектепке деген қарым катынасын және оқу мотивациясын анықтау мақсатында Н.Г.Лусканованаң сауалнамасы жүргізілді. Қыркүйек айында ата –аналар жиналысында, отбасылық тәрбие ерекшеліктерін анықтау мақсатында «Балаңыз оқушы атанды» атты дәріс – тренинг өткізілді. Оқушылардың өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау мақсатында 3-4 сынып оқушылар арасында графикалық тест жүргізілді. Мұғалімдердің ерік жігерін анықтау мақсатында Н. Обозова сауалнамасы жүргізілді. 1-4 сынып оқушылар арасында эмпатия сезімінің кабілеттілігін, сенім мен сенімсіздік критерийлерін анықтау мақсатында «Сіздің эмпатия сезімінің қабілеттігі», «Сенім мен сенімсіздік», атты проективтік адістемелері өткізілді. Мұғалімдердің көnl күйін, жұмысына деген ынтасты анықтау мақсатында «Сіз қашшалықты өз жұмысыңызды жақсы көресіз?» атты тренинг өткізілді. 4 сынып оқушылардың деңсаулық туралы білімін өзектендіру мақсатында «Біздің деңсаулығымыз өз колымызда» атты тақырыбында әнгіме жүргізілді. 1-4 сынып оқушылар арасында танымдық, жан-жақты қызығушылығы мен қабілеттің дамытуға ықпал ету мақсатында «Жазғы демалысты тиімді пайдалану» атты тақырыбында пікірталас болды.

### **Психолог-педагогикалық кеңес беру қызметінің есебі**

Накты жағдайда білім беру үрдісінің субъектілеріне (оқушылар, педагог, ата-ана) пайда болған мәселелерді шешуге көмек берілді және оқу үлгерімінде қындықтар барысында, білім алуға ықпал ететін өзара қарым-катынас шенберінде пайда болған сұраптар шешілді. Жыл бойы өздерін жақсы сезінетін, бірақ ары қарай тұлғаның дамуы үшін мақсат қоятын, өмірлік міндеттерді шешудің тиімді жолдарын іздеғен оқушылар да, педагогтар да, сынып жетекшілер мен ата-аналар кеңес алды. Мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер, мұғалімдер мен ата-аналар сұраныстары бойынша кеңес берілді. Консультацияда қозғалған мәселелер көбіне келесі бағытта болды:

- мінез-құлықтық;
- эмоционалды;
- қактығыстық;
- диагностикалық.

Оқушылар мен ата-аналардың консультациялық көмек алудына келесі жағдайлар себеп болды:

- оқушылардың телефонга, интернетке тәуелділігі;
- оқушылардың оқу үлгерімінің төмендеуі;
- сыныптағы жолдастарымен қактығыс;

- өзін көрсете алмау қорқынышы:

### **Ағартушылық – профилактикалық жұмыс есебі:**

1 сыйнып окушыларының ата- аналарына «Бастауыш мектеп окушыларының психологиялық даму ерекшеліктерінің теориялық негіздері» туралы баяндама оқылды. Мұғалімдер арасында «Стресс және оның алдын алу жолдары», «Заманауи ұстаз қандай болу керек?» атты тақырыбында презентация, пікірталас өтті. Окушылардың өзіне деген сенімін арттыру мақсатында, 1-4 сыйнып окушылар арасында «Ұсақ – түйек сәтсіздіктері» туралы әнгіме жүргізілді. Ата-аналармен келесі тақырыптарда профилактикалық әнгімелер жүргізілді: «Бала күйзелісінің алдын алу», «Ата – аданың мектептегі алатын орны» Ұжымдық қарым-қатынас орнату, әр окушының өзіндік «Менін» бағалауды үйрету мақсатында 4 сыйнып окушылар арасында «Біз және біздің сыйнып» атты тренинг өтті.

### **Тұзету – дамытушылық бағыттар жұмысының есебі:**

1 – сыйнып окушыларының бейімделуіне арналған «Көнілді күн!» атты тренинг жүргізілді. 4 -сынып окушылар арасында толерантты болу қабілетін қалыптастыру және эмпатия қабілетін дамыту мақсатында «Толлеранттылық дегеніміз не?» атты тақырыбында практикалық сабак өтті. Мұғалімдер арасында ішкі ресурстарды жандандыру, эмоционалдық шиеліністі төмөндөту мақсатында «Өзіңе көніл-күй сыйла» атты тренинг өткізілді.

### **Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс есебі**

Әдістемелік қызмет оку жылының басынан бастап, жыл бойы жұмыс жоспарына сай іске асырылды.

Сабактарға қатысу: корытындылары бойынша пән мұғалімдері мен ата-аналарға, сыйнып жетекшілерге ұсыныстар берілді. Окушылардың интеллектісін, эмоционалды – рухани дамуын, мотивоционы және ерік-жігер сферасын және әлеуметтік өзара қарым қатынасын зерттеуге бағытталған диагностикалық әдістемелер қоры толықтырылып, басқа категориядагы папкалар жаңартылып, күжаттар реттелді.

### **Корытынды:**

2022-2023 оку жылында мектебімізде барлығы 180 окушы болды . Мектеп жарғысындағы окушының міндеттері мен ережелерін үнемі сактап отырылды. Күн тәртібінің орындалуы, мектеп формасының сакталуы, күнделікті толтыруы жақсы жағдайда болды . Сынып күжаттарының толтырылуы қанагаттанарлық. Барлық 1 сыйнып окушыларына бейімделу кезінде психологиялық көмек көрсетілді. Сынып жетекшінің сыйнып окушыларымен қарым-қатынасы жақсы деңгейде, окушылар сабакка көтерінкі көніл күймен келеді. Сынып жетекшілер окушылармен жеке,

топпен, жалпылама жұмыс жасайды. Сынып жетекшілері сынып оқушыларының мектеп өміріне бейімделуіне жағдай жасауда, оқушылар денсаулығын сақтау мақсатында күнде ертеңгілік жаттығу, сабак барысында кемінде екі рет сергіту жаттығулары жүргізілді. Ата-ана тарапынан үйде қадағалау бар. Ата-аналармен әр тоқсанның соңында жиналыстар өткізілген.

Оқушылардың мектепке бейімделуі қалыпты жағдайда деген қорытынды жасалды. Оқушылардың эмоциялық жағдайын бақылау кезінде жақсы нәтиже көрсетті. Мектебімізде ерекше қадағалауды қажет ететін балалар жок және сыннып жетекшілер және пән мұғалімдері тарапынан ешқандай сұраныс түскен жок. Жалкызыдышты сезініп жүрген окушы жоқ. Оқушылардың микроэлемі жағымды ахуалда .Кенес беру нәтижесінде оқушылар өз көкейлеріндегі сауалға жан-жакты жауап ала алды.

#### Ұсыныстар:

1. Сынып жетекшілерге – ұйымшыл, достық қарым-катастының нағайтуға бағытталған сыннып сағаттарын, ата-аналармен біріккен іс-шаралар сағатын көбейту.
2. Ата-аналарға – өз балаларының тәрбиелеуде олардың мектеп өміріндегі оқуындағы жетістіктерін жоғары қызыгуышылық танытының.
3. Мектеп бойынша қабілетті балалар анықталып, мектептегі дарынды оқушылармен пән мұғалімдерімен бірлесе отырып, жұмыс жасауға ұсынылды.

Педагог –психолог:  Харисова А.А.